

Қылмыстық психологияның пәні мен міндеттері.

Сабақ жоспары:

- 1. Қылмыстық психологияның пәні мен міндеттері.*
- 2. Объект және субъект, қылмыстың объективті және субъективті жақтары.*



1) Қылмыстық психология – заңдысихиканы, қылмыстықтың тууын, қылмысқа дайындау және қылмыстың аяқталуын, сонымен қатар қылмыстың жүру тәтібін оқытады. Тағы бұл, қылмыскер мен қылмыстық топты және де осы тұлғаға, топқа



психологиялық әсер ету жолдарын зерттейді. Қылмыскердің жеке басын зерттеу, бұл қылмыспен күрес тәжірибесінде маңызды, әрі аса қажет аумағы бойынша, тек күштеу арқылы, яғни қасақана жасаған қылмыс қана емес, сонымен қатар абайсызда жасалған қылмыс және оны жасаған қылмыскер де қаралады. Әртүрлі қарайды.



В.Н.
Кудрявцев

В.Н.Кудрявцев, мысалы, былай деп жазады: «Құқық бұзушылықтың нақты структурасы, әр түрлі көзқараспен анықталуы мүмкін.Заңдық тұрғыдан, оны 4 элементтен тұратын іс-әрекет деп таниды.

Олар: объект, объективтік жағы, субъект, субъективтік жағы.

Қылмыстыққа, әлеуметтану және психологияға ойлау және қандық жағынан жақынырақ.Өйткені, сол жағынан адамның жүріс-тұрысы, мінез-құлқының дамуын қарастырады.Осымен қатар Кудрявцев былай дейді:Тұлғаның қалыптасу процесі құқық пен криминологияны қызықтырса да, оларды оқыту пәні болып табылмайды.Бұны оқыту педагогика, психология, социология және адам туралы оқытудың басқа да ғылым салаларына жүктелген.

Қылмыстылықтың болуының тағы бір себебі – халықтың тұтыну жағынан сұранысын қанағаттандырмағандықтан. Қажеттілік өткен кездегі жағдайлардан туындайды.

Әлеуметтік орта – бұл адамның жүріс-тұрыс, қылықты анықтайтын жалпы жағдайлар мен мәселелер ғана емес, бұл сонымен қатар, адамның ісін шектемейтін, жағдайларды қалыптастыратын және өзгертін, адамды әлеуметтік өсудің қайнар көзі мен ауыз ретінде қарайтын сала.

Қылмыскердің тұлғасы – криминалдық психологияға жеке қызығушылығымен қатысты. Оған есті және мақсатқа жету мінезі дұрыс келеді.

Сондықтан да әлеуметтік жағдайлар мен қылмыстық мінез арасындағы қарым қатынас күрделі және әрқашанда әлеуметтік жағдай, тұлға арқылы қылмысты айқындайды.

Қылмыстылық – бұл қылмыстық іс қана емес, сонымен қатар қылмысты істейтін қылмыскердің өзі. Қылмыстылықтың жағдайын, құрылысын және динамикасын зерттеген кезде, қылмыстың дерегі ғана емес қылмыскердің контингенті қоса анықталады.



2) Қылмыстың объективті және субъективті жақтарына, оған қандай да бір тұрғыда қатысқан адамдардың мінез-құлқына бағдарлану істің шынайылығын анықтауға арналған алғашқы психологиялық мәліметтерді диагностикалық түрде жинақтауға бағытталған. Қылмыста орын алған заттарды, құжаттарды, іздерді мүмкіндігінше бірнеше аспектіде психологиялық тергеу, істің объектілері мен басқа материалдары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды қадағалау осы мақсатта орынды болып табылады. Екінші жағынан, қылмысқа қатысы бар адамдармен тікелей қарым-қатынаста келесідей субъективті белгілердің психологиялық «тізбегін» ескеріп және бақылау керек: кәсіби және тұрмыстық дағдылар сөйлеудің ерекшелігі (сөздік айналымдар, үнсіз қалу, сылтау айту), мимика, жесттер, сөйлеушінің дене қалпы, оның психикалық күйінің өзгерісі, осылардың барлығын ескеру тек қана тергеушілер үшін емес, сонымен қатар олармен өзара әрекетке түсетін қызметтестері үшін де маңызды болып табылады.